


**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ  
АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ  
НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.  
Д.АСФЕНДИЯРОВА**

# «Дәрігер-клиникалық фармацевт- пациент» жүйесінің маңыздылығы!



**Студенттер:** Тұрған Ұлдан,  
Даданбекова Дана  
**Ғылыми жетекшілер:**  
Шопабаева А.Р., Чеботаренко Н.А.,  
Елшібекова Қ.М.

**Алматы, 2016**

# *Өзектілігі*

Дәрілік заттың жанама әсерінен болатын өлім қазіргі кезде әлем бойынша 4-6-шы орынды иеленіп отыр. Бұның негізгі себебі ретінде дәрілік заттар айналысы саласында ОТС (рецептсіз босатылатын дәрілік) препараттар санының қарқынды өсуі болып табылады. Ал дәрігер маманы болса сансыз дәрілік препарат ассортиментіне тиісті талдауларды жүргізуге мүмкіншілігі бола бермейді. Бұл дәрілік препараттың құрамы мен әсер ету механизмін жетік білетін және медицина саласын қоса меңгерген маманның қажет екенін көрсетеді.



## *Мақсаты*

- Қазақстан Республикасының медицина саласына клиникалық фармацевт маманының қажеттілігін анықтау.



# Міндеттері

- 1. Клиникалық фармацевт мамандығының шығу тарихын талдау;
- 2. Шетелдің оқыту тәжірбиесіне сүйене отырып, клиникалық фармацевт маманын дайындауда басқа пәндермен өзара байланысын зерттеу;
- 3. Клиникалық фармацевтің қандай қызмет атқаратынын анықтау;
- 4. Клиникалық фармацевтің медицина маманы ретінде маңыздылығын анықтау.



**Клиникалық фармацевт - науқасқа ем тағайындау барысында дәрігер мен науқаспен тығыз байланыста ем-шара жүргізетін медицина саласының қызметкері.**

# *Тарихы*

- Дәрілік препараттың саны екінші дүние жүзілік соғыстан кейін бірден жоғарылап және өзін-өзі емдеу кең түрде дами бастады. Соның әсерінен халық арасында дәрілік затпен улану да өсті. Осы себептерге байланысты АҚШ пен Канада елдерінде өткен ғасырдың 70-жылдарында фармация саласында «клиникалық фармацевт» мамандығы пайда бола бастады. Одан кейін клиникалық фармация Европа елдерінде: Германияда, Францияда, Польшада қарқынды дамыды. Қазіргі кезде АҚШ-та әрбір клиникаларда клиникалық фармацевт жұмыс жасайды.

# «Дәрігер-фармацевт-пациент» жүйесі.




## Клиникалық фармацияның басқа ғылым салаларымен байланысы





## *Клиникалық фармацевт жұмысының артықшылықтары:*

- 1. Клиника мен ауруханада дәрілік затқа кететін қаржы шығынын 10%-ға қысқартады;
- 2. Пациенттің жағдайына аса мән беріледі;
- 3. Пациенттердің медицина қызметкерлеріне деген сенімі арта түседі;



# *Клиникалық фармацевтің міндеттері*

- ✓ Жазылған нұсқамалардың дұрыстығын , яғни ешбір қатенін жоқ екендігіне көз жеткізу, сәйкес пациентке дәл және қауіпсіз келетіндігін тексеру;
- ✓ Дәрілік заттардың мөлшері туралы және ең қолайлы қалыпы, мысалы таблеткалар, жақпа майлар, инъекциялар бойынша кеңес беру;
- ✓ Есірткімен байланысты тарихы бар науқастарды қабылдап, оларға қажетті емдеулер туралы шешім қабылдауға көмектесу;
- ✓ Науқастардың дәрілік заттарды қабылдау кезіндегі пайда болатын проблемалары жайлы басқа медициналық жұмыскерлермен қарым қатынасты орнату;
- ✓ Пациенттің емделуі туралы оның туысқандарымен, фармацевтер ұйымымен және жалпы тәжірибелі дәрігерлермен талқылау;
- ✓ Дәрілік заттарды тиісті қамтамасыз ету және сақтау;
- ✓ Біліктілігі төмен және тәжірибесі аз қызметкерлердің жұмысын қадағалау;
- ✓ Ғылыми зерттеулерді және дайындықтарды жүргізу, насихаттау;
- ✓ Дәрілік заттардың құны туралы ақпаратпен бөлісу;
- ✓ Стерильді дәрілік заттарды дайындау және олардың сапасын бақылау, мысалы тамырішілік дәрілік заттар;
- ✓ Клиникалық зерттеулерді жасау және оларды қадағалау;
- ✓ Тәжірибесі мол фармацевтер дәріхананың бөлімдерінде немесе аурухананың басқа салаларында оқыту процесстеріне қатыса алады.

# Клиникалық фармацевтің атқаратын қызметі

## Клиникада:

- Дәрігерге рационалды дәрілерді таңдауға көмектесу;(фармакодинамика, фармакокинетикасымен қатар, басқа затпен әсерлесуін ескере отырып)
- Пациенттің жағдайына байланысты дәрілік заттың мөлшерін анықтау;
- Пациентпен тығыз байланысты болып, жағдайын бақылап отыру;
- Пациенттің фармакотерапиялық реакциясына мониторингін шығару;
- Клиникада орналасқан зертханаларда дәрілік заттармен жұмыс істеу;

## Дәріханада:

- Пациенттерге дәрілердің рационалды қолданылуы жайлы ақпарат беру;
- Оригинал және қымбат дәрілік заттың эффективті, қол жетімді аналогін таңдауға жәрдемдесу;



# *Клиникалық фармацевтке қажет квалификация*

- Клиникалық фармацевт ретінде жұмыс істеу үшін, сіз жоғарғы білім беру мекемесінде бес жыл оқып және кәсіби дайындықты қамтамасыз етуіңіз қажет. Бұл мыналарды қамтиды:
- -Фармация саласында (MPharm) Бас фармацевтикалық кеңесімен (GPhC) аккредиттелген төрт жылдық магистр дәрежесі;
- -Ауруханада бір жыл бойы практика алып, сәйкесінше сол практикаға Бас фармацевтикалық кеңестен баға алу.

# *Клиникалық фармацевтке қажетті дағдылар*

- Жоғары деңгейде коммуникативті дағдылар;
- Дәл, ықыласпен, зейін сала жұмыс істеу;
- Пайда болған проблемаларды шешу үшін өз білімінді сай пайдалана білу;
- IT- дағдылар ;
- Өз жұмысына деген жауапкершілік;
- Топта жұмыс істей білу;
- Жалпы клиникалық білім;
- Көшбасшылық дағдылар.

# *Жеті «ДҰРЫС» нәтиже*

## *7 rights results*

- Дұрыс препарат (right drug);
- Дұрыс бағыт (right route);
- Дұрыс доза (right dose);
- Дұрыс уақыт (right time);
- Дұрыс мәлімет (right information);
- Дұрыс документ (right documentation);
- Дұрыс пациент (дені сау пациент) (right patient).

# *Клиникалық фармацевт жұмыс жасай алады:*

- 1. Клиника, ауруханада;
- 2. Дәріханада;
- 3. Клинико-биологиялық лабораторияларда;
- 4. Фармацевтикалық өндірісте;



# Қорытынды

- ҚР-ның медицина саласында дәрігер мен бірге клиникалық фармацевт маманы жұмыс жасаса, емдеу іс-шараларының тиімділігі арта түспек. Яғни науқастарға жіті көңіл бөлініп, медицина саласы қызметкерлері жұмысының сапасына деген сенім нығаяды.
- Біздің университетіміздің негізгі артықшылығы теориялық білім мен тәжірбиелік білімді ұштастыра отырып оқыту жүйесі болып табылады. Білікті оқытушыларымыз бен тәжірбиелік базаның жеткілікті болуына байланысты университетіміздің клиникалық фармацевт маманын даярлап шығуға мүмкіндігі мол.





***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!***